

Гомеопатиялық құралдар технологиясында қолданылатын бастапқы заттар.

Орындаған:

Тобы:

Қабылдаған:

Жоспар:

Кіріспе

Негізгі бөлім

Гомеопатиялық дәрілік заттар технологиясында қолданылатын шикізаттар

Гомеопатиялық дәрі енгізу

Гомеопатиялық препараттарды дайындауда қолданылатын дәрілік өсімдік шикізаттары

Гомеопатияда қолданылатын жануар тектес улар

Гомеопатияда қолданылатын табиғи және минералды заттар.

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Бастапқы заттар деп дәрілік заттарды өндіру үшін қолданылған барлық заттар және біріншілік буып-түю саналады.

□ **Фармакопеяда сипатталған бастапқы заттар.**

Бастапқы заттар сапасына қатысты мәліметтер мен құжаттар Неміс фармакопеясының монографияларына (әсіресе оның гомеопатия бөліміне), ал ондай болмаса - Еуропа қауымдастығына мүше елдердің бірінің фармакопея монографиясына сәйкес келуі тиіс.

□ **Фармакопеяда сипатталмаған бастапқы заттар.**

Бұл жағдайда өтініш білдіруші әрбір бастапқы зат үшін өзі жасаған және фармакопеяға сәйкес келетін жеке монографияны беруі тиіс.

Препараттарды дайындауда қолданылатын заттар

- *Гомеопатиялық дәрілік препараттардың жасалуы мен сапасы В.Швабенің «Гомеопатиялық дәрілік заттар» нұсқаулығында (ары қарай В.Швабе нұсқаулығы 1967) көрсетілген ережелер мен регламенттелінеді.*
- *Гомеопатиялық дәрілік заттар арсеналы шамамен 2000 атауды құрайды. Алайда нұсқауды сипатталған және УССР ДСМ 3.08.1989 ж №165 бұйрығымен бекітілген гомеопатиялық дәрілік заттар номенклатурасына 500 ден аса атаулар енеді, соның ішінде негізгі дәрі-дәрмектер - 378 атау, қосымшалары - 136 атау;*
 - *- өсімдік текті (68 % аса)- 349 атау;*
 - *- минерал текті (шамамен 25%) - 128 атау;*
 - *- жануар текті (шамамен 7%) - 34 атау.*
- *Гомеопатиялық дәрілік заттарды дайындау үшін қолданылатын шикізаттың барлық түрлерінен кейбір заттары ерекше болып, тек гомеопатияда қолданылады (болиголов, графит, құрбақа, кактус, мухомор, сепия, туя және т.б.)*

Өсімдік текті шикізат

Гомеопатиялық дәрі-дәрмектерді дайындау үшін өсімдіктердің бөліктері мен мүшелері құрғақ күйінде де, жас күйінде де қолданылады.

182 өсімдік түрлерінен тек 73 (40%) түрі үшін жинау және кептіру тәсілдері ғылыми медицинада қолданылатын дәрілік өсімдік шикізатына арналған әрекеттегі нұсқаулықпен сәйкес келеді, ол шикізаттың морфологиялық тобы 130 үшін (71%) бірдей.

тұтас өсімдікті -
гүл ашу кезеңінде

ағаштар өзегін -
бүршік атпай
тұрып, көктеп
түскенше

жапырақтарды -
олар толық
жазылған соң,
бірақ өсімдік
гүлденгенге дейін

Гомеопатиялық
дәрілерді өсімдік
шикізатынан
дайындау үшін
мүмкіндігінше
табиғи таралған
жерлерден
жиналған
материалдарды
қолданады:

жемістер мен
тұқымдарды -
олар толық пісіп
жетілген кезеңінде

гүлдерді - тікелей
толық ашылар
алдында

сабақтарды -
гүлдену алдында

Минерал текті шикізат

Бірінші топ элементтердің байланысы гомеопатияда *конституционалдық заттар* деп есептеледі, сондықтан олар әртүрлі ауруларға көрсетілген.

Никельді жүйке жүйесі, жоғарғы тыныс, асқорыту жолдары, тері ауруларын емдеу кезінде сыналды. К. Геринг жүйке жүйесі ауруларын емдеу барысында палладийді қолданған.

Платинаны медицинаға С. Ганеман енгізген. Сондай-ақ қалайы, мырыш, висмут, марганец және басқа да металдар гомеопатиялық препараттардың құрамына кіруі мүмкін.

Жануар текті шикізат

Бастапқы материал ретінде, әдетте, тірі жануарлардың олардың белгілі даму кезеңіндегі бөлінділері, кейбір мүшелерінің сондай-ақ жануарлар мен адамның патологиялық өзгерген тіндерінен сорындылар болып табылады.

Гомеотерапияда қымыздық қышқылы, калий бихроматы, бром, мырыш фосфаты және т.б. реактивтер қолданылуы қабылданған. Жиі өсімдік және жануар көмірі, графит, ликоподий белгілейді.

Негізгі (бастапқы) субстанция ретінде гомеопатиялық препараттар дайындау үшін жәндіктер, моллюскалар, рептилий, жеке жануар бөлінісі (выделение), жыланның уы қолданылады.

Таза экологиялық жағдайда өсірілген жас ірі қара мал мүшелері мен ұлпаларынан органоспецификалық препараттар дайындайды. Биологиялық шикізаттан 5%-ке жуық гомеопатиялық препараттар дайындайды.

Қазіргі гомеопатиялық дәрілік заттар жіктеуі



Әлемдік гомеопатия тәжірибесінде орташа 1,5 мың дәрілік препараттар пайдаланылады.

Әлемдік тәжірибеде қолданылатын жалпы өсімдіктердің тізімі 1063 түр болып саналады.

Гомеопатиялық препараттарды дайындау технологиясы оның негізгі материалына (негізгі субстанциялармен қосымша заттар) тәуелді.

Негізгі және қосымша заттар

Негізгі және қосымша заттар

Негізгі заттар (субстанции, базис) – бұл дәрілік түрлерді сұйылту үшін пайдаланатын минералды, өсімдік және жануар текті шикізаттар.

Қосымша заттар ретінде тазаланған су, әртүрлі концентрациялы этил спирті, глицерин, сүт қанты, өсімдік майы, вазелин, ланолин, какао майы қолданылады.

Сұйылту үшін сұйық және қатты негізгі заттар пайдаланады.

*ерітінділер
(қышқыл,
тұздар, у және
т.б.);*

*Бастапқы
тұндырмалар*

*Сұйық заттарға
мыналар жатады:*

*Әртүрлі табиғи
сұйықтықтар*


Бастапқы тұндырмалар дайындау үшін бастапқы материал ретінде консервілеу мақсатында (эссенция) этанолмен араласқан, жас өсімдік сөлдері немесе олардың бөлшектері (гүлдері, жапырақтары және т.б.) алынады.

ерімейтін минералдар;

тұздар;

кептірілген өсімдіктер немесе олардың бөлшектері (тұқымдары, тамырлар және т. б.).

**Қатты заттарға
мыналар
жатады:**




Қатты заттардан ары қарай
тритурациялар (ысқылау) немесе
гомеопатиялық бастапқы тұндырмалар
(кептірілген өсімдік немесе жануар
шикізаттарынан; аралар, құмырсқалардан
және т.б.) дайындайды. Тритурацияны
келіде қатты затты сүт қанттымен 1
сағаттай ысқылайды.

Көп жағдайда гомеопатиялық
заттардың атауы XVIII, XIX ғасырлардағы
ескі номенклатурасы бойынша сақталған.

Гомеопатиялық бастапқы тұндырма

Гомеопатиялық бастапқы тұндырма - жас немесе кептірілген өсімдік немесе жануар шикізатынан (жануарлардың жеке мүшелерінен, жас өсімдік сөлінің этанолмен қоспасы (эссенция)) алынған, сулы-этанолды немесе этанолды сығындылар.





Тұндырмалар әртүрлі гомеопатиялық препараттар дайындау үшін пайдаланады, кейбір жағдайда оларды таза түрде ішке және сыртқа қолданады. Экстрагент ретінде ережедегідей этанолдың әртүрлі процентті (масса бойынша) концентрациясын пайдаланады. Экстрагент концентрациясы және оның көлемі жеке фармакопеялық мақала нұсқауына сәйкес келуі керек.


Эссенциядан бастапқы (матричный) тұндырма дайындау кезінде оларды сәйкес келетін қатынаста белгілі концентрацияға этанолмен сұйылтады және стандарттайды, бұл үшін оларды міндетті түрде сертификаттайды. Әр бір тұндырмаға қажетті НК – сәйкес келетіні туралы талдау хаттамасы құрастырылады.

Бейтарап заттар



Бейтарап заттар

Этил спирті



Гомеопатиялық технологияда таза 96%. 90%.70%.60%.45%. Этил спирті пайдаланылады. Этил спирті құзырлы МФ басылымындағы талаптарға сай болуы керек және оны сұйылту МФ немесе официналды анықтамаларда келтірілген кестелер бойынша жүргізілуі керек.



Тазартылған су

Арнаулы қондырғыларды пайдалану арқылы алынады. Сапасы МФ талаптарын қанағаттандыруы қажет.

Қант

- Түйіршіктер (грануль) жоғары сапалы қант құрағы өнімінен дайындалады. Түйіршіктер тазартылған суда қалдықсыз еруі қажет.

Өсімдіктер майы

- Өрік, шабдалы, бадам т.б. өсімдіктер сұйық майлары

Эссенциядан бастапқы тұндырма дайындау

Гомеопатиялық технологияның міндеті жас өсімдіктен алынатын сөл сығындысы максимальды болуы. Эссенция белгілі өсімдік сөлі құрамын есептей отырып дайындалады. В. Швабе жетекшілігі немесе ФМ 3 әдісі бойынша сөлді 86% этанолмен (масса бойынша) (90%) араластырады. Кейбір жағдайда эссенция алу үшін этанолдың әртүрлі концентрациясы пайдалануы мүмкін. Эссенция 1:2 қатынаста, 1:3 қатынаста алынады.

Эссенция дайындау технологиясы.

Бірнеше әдістермен алынады.

- 1 әдіс бойынша - өсімдік құрамында сөл 70 % -тен жоғары болса және өсімдік шикізатында эфир майлар, шайырлар, шырыштар болмаса;
- 2 әдіс өсімдік шикізат құрамында сөл 70 %-тен аз болса, кептіру кезінде ылғал шығыны 60 % -тен көп болса және өсімдік шикізатында эфир майлар, шайырлар, шырыштар болмаса;
- кептіру кезінде ылғал шығыны 60 % -тен көп болса және шикізат құрамында эфир майлар, шайырлар, шырыштар болған жағдайда.

Кептірілген шикізаттан бастапқы тұндырма дайындау

Құрғақ өсімдік және
жануар шикізатынан
бастапқы тұндырмалар
1:10 қатынаста
дайындайды.

1 – тәсіл.

- Кептірілген өсімдік шикізатынан 1 бөлік ірі ұнтақты МФ XI. 2. басылым 17 бет немесе мұқият ұнтақталынған ботқа тәрізді жануар шикізатына 10 бөлік спирт қосады.
- Күнделікті араластыру арқылы 8 тәулік мацерациялайды (тұндырады).
- Құяды.
- Преспен сығады.
- 8 тәулік бойы 20°C температурада жақсы жабылған ыдыста қалдырады.
- Фильтрлейді.

2 –тәсіл.

- Кептірілген ұнтақтың 1 бөлігімен этанолдың 5 бөлігін араластырып 2 тәулікке қалдырады.
- Тұндырманың 10 бөлігін алу үшін жылдамдығы 20 тамшы / мин осындай этанол мөлшерімен перколяторға ауыстырып, перколяциялайды (сүзеді).
- 8 тәулік бойы 20 °С температурада жақсы жабылған ыдыста қалдырады.
- Құяды.

Жануар шикізатынан бастапқы тұндырма дайындау

- Мысал ретінде арадан алынған тұндырма дайындауды келтіруге болады. Құтыға тірі араны салады, салмағына екі еселенген мөлшердегі 62 % этанолмен өңдейді, сосын фарфор келіде ысқылайды, тағы сегіз салмақтық бөлікте 62 % этанол қосады, оны 14 күнге қалдырады, күнсайын күніне үш рет шайқайды. Алынған тұндырманы сықпай филтрлейді. Екіншілік және үшіншілік ондық сұйылтуларды 62 % этанолды қолдана отырып дайындайды, ал жоғары сұйылтуларды алу үшін оның 43 % ерітіндісі қолданылады.

Қорытынды

Гомеопатия ғылыми сала ретінде біршама жақында зерттеле бастады, сол себепті бүгінгі таңда гомеопатиялық тұрғыдан бірыңғай тиімді жіктемесі жоқ. Дегенмен гомеопатияда қолданылатын дәрілік түрлердің біршама көп иелшері оларды алдын ала жүйелеу қажеттілігі туралы айтады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- ГФ СССР X издания М., Медицина, 1968 г.
- Государственная Фармакопея Республики Казахстан – изд. первое. - Астана – 2008 г.
- Технология лекарственных форм (Под ред. Т.С. Кондратьевой) Москва «Медицина». – 1991 г. с. 474-488.
- Гомеопатические лекарственные средства «Руководство по описанию и изготовлению». Д-р Вильмар Швабе «Руководство по изготовлению гомеопатических лекарств». (перевод с немецкого - Под ред. В.И. Рыбака). - М. - 1967 г. стр. 224.
- Практикум по технологии гомеопатических препаратов (под редакцией академика АНТК Украины А.И.Тихонова) – Харьков, «Оригинал» - 2006
- Фармацевтическая технология. Технология лекарственных форм: учебник; под ред. И.И.Краснюка, Г.В.Михайловой. –М.: ГЭОТАР-Медиа, 2011. -30 экз.



Назарларыңызға рахмет